

М.Ы. Ыбырайхан*, З.Г. Сактаганова

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қазақстан
(E-mail: marat_19.93@inbox.ru[†]; zauresh63@mail.ru)

1964–1985 жж. Орталық Қазақстанның ауылдық күнделікті өміріндегі мәдениеттің орны мен дамуының мәселелері

Мәдениет пен өнер халықтың күнделікті өміріндегі динамика мен тенденцияларды анықтайтын маңызды салалар болып табылады. Зерттеудегі мұрағат құжаттары (Ресей мұрағаттарының материалдары — РМЭСТА және РФМА, Қазақстан мұрағаттарының материалдары — ҚР ОМА), сондай-ақ авторлардың Қарқаралы, Егіндібұлақ және өңірдің басқа аудандарындағы қазақ ұлты басым ауыл тұрғындарымен өткізген интервью материалдары негізінде құрылған. Қазақ ұлты басым ауылдық аудандарда мәдениетті дамыту және мәдени акцияларды/жобаларды өткізу ерекшеліктерін зерттеуде оларға қатысу жаппай сипатта болғаны жайлы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Өткізілген іс-шаралар ұлттық рухты жаңғырту міндетін қоймады, бірақ коммунистік идеяларды насихаттау ісінде мемлекеттің идеологиялық құрал ретінде институционалдық рөл атқарды. Зерттеу нәтижесінде ауылдық мәдени күнделікті өмірдегі жетістіктер мен кемшіліктер анықталды, аймақтың ауылдық күнделікті өміріндегі ұлттық мәдениет пен өнердің орны мен дамуы анықталды. Қорытындылай келе, зерттелген онжылдықтарда ауылдық жерлерде кеңестік мәдениеттің дамуы белсенді жүргенін, бірақ қазақтың ұлттық мәдениеті мен өнерінің дамуында белгілі бір қиындықтар мен кедергілер болғанын атап өту керек.

Кілт сөздер: күнделікті өмір, Орталық Қазақстан, мәдениет, өнер, клуб, мәдениет үйі, кино, айтыс, ансамбль, автоклуб, ән, би.

Kipicne

Тарихтағы мәдениеттің орны ұлы оқиғалардың астарында көмескіленіп, соңғы позицияда қарастырылып келген. Адамның өмірі рухани және материалдық мәдениеттен құралады десек, бұл тақырыптың өзекті екендігі айқын. Кейінгі уақыттағы ғылымда күнделікті өмір тарихы бағытының аясында жалпы мәдениет пен өнерге сала және адам өмірінің негізгі арнасы ретінде көңіл бөлу әртүрлі халықтар мен замандар арасындағы айырмашылық пен ұқсастықты көрсетеді. Күнделікті өмір тарихы жағдайларының аясын кеңістік пен уақыт анықтайды. Мақалада уақыт аралығы ретінде 1964–1985 жылдар, ал кеңестік ретінде Орталық Қазақстанның ауылдық аймақтары қарастырылған. Объектісі — Орталық Қазақстан ауылдық аймақтарының тұрғындары, ал пән күнделікті өмірдегі мәдениет пен өнер саласындағы өзгерістер, кеңестік уақыттағы ерекшеліктер болып табылады.

Өзгеріске түскен қоғамның айнасы іспетті болғандықтан ауылдық күнделікті өмірдегі мәдениет пен өнердің бейнесін жан-жақты тану мәселесінің өзектілігі арта түседі. Өнер саласы мен мәдени өмір қоғамның саяси, әлеуметтік, тұрмыстық аспектілері бойынша келесі жағдайларды анықтауға септесетіндігімен өзекті:

- 1) қоғамдағы дәстүр сабақтастығы және күнделікті өмірдегі өзгерістердің ішкі себептерін;
- 2) өзгерістердің сыртқы және институционалды құрылым әкелген себептерін.

Күнделікті өмір аясындағы, оның ішінде ауылдық аймақтардағы мәдениет пен өнер саласындағы мәселелер тарихнамасын келесі топтарға бөліп қарастырамыз: 1) шетелдік, сонымен қатар ресейлік; 2) кеңестік, оның ішінде Қазақ КСР кезеңіндегі еңбектер; 3) Тәуелсіз Қазақстан кезеңіндегі еңбектер.

Шетелдік тарихнамадағы Ф. Бродель, Э. Ле Руа Ладюри, Ф. Арьес пен Ж. Дюби және т.б. авторлардың күнделікті өмір аспектілері зерттелген іргелі еңбектерінде мәдениет пен өнер мәселелері қарастырылады [1–3]. Шетелдік тарихнаманың бір бөлшегі ретіндегі 1991 ж. бергі ресейлік тарихнамада тақырыпқа қатысты зерттеу жұмыстарының бірқатары кездеседі. Мазмұны мен көлемі жағынан ауқымды монографиялар ретінде С.Д. Багдасарян, В.Б. Безгин, В.А. Бердинских

*Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: marat_19.93@inbox.ru

еңбектерін бөліп көрсетуге болады [4–6]. Кеңестік тарихнамада ауылдық күнделікті өмір, оның ішінде мәдениет пен өнер мәселелеріне көңіл бөлінген тарих ғылымының әлеуметтік-экономикалық бағытындағы еңбектердің арасында зерттеушілер Г.Г. Котов, В.Ф. Мельников арнайы тоқталған [7]. Кеңестік кезеңдегі Қазақстанда аталмыш мәселелер А.А. Рогачев, А.Н. Құдайбергенов, К.А. Аманбаев, У.А. Алдабергенов еңбектерінде қамтылған [8–11]. Тәуелсіз Қазақстандағы Отандық тарихнамада өз зерттеулерінде аталмыш мәселеге арнайы көңіл бөліп жүрген авторлар Р.М. Жумашев пен А. Капаева республика бойынша, ал З.Г. Сактаганова мен М.К. Тлеужанова Орталық Қазақстан бойынша тақырыпқа байланысты толымды ақпараттар мен пікірлер береді [12–15].

Методология және материалдар

Мақаланың методологиялық негізіне тарихилық және жүйелілік принципі алынып, берілген мерзімдегі Орталық Қазақстан ауылдық аймақтары кеңістігіндегі мәдениет пен өнер саласы біртұтас жүйе ретінде қарастырылады. Мақалада тақырыпқа қатысты өз заманына сай кемшін тұстарды атап өтеміз, бірақ басты назар кемшіліктер мен жетіспеушіліктерді анықтауда ғана болмайды. Назарымыз тоталитарлық жүйедегі мәдениет пен өнердің жағдайына бақылау жасау және баға беруге бағытталмақ. Аталмыш кезең қатал репрессивті шаралар жаппай қолданылған уақыт болмағанымен, жүйенің мәдениет пен өнерді шектеуіне және ауылдық жердегі ерекшеліктеріне көңіл бөлеміз. Толыққанды зерттеу жүргізу үшін арнайы ғылыми әдістер арасынан анализ және синтезге басымдық беріліп, мәселені үлкен ауқымнан кішісіне жіктеп, кішіден үлкен ауқымға жинақтап қарастырамыз. Мәтінді таратып жазу арқылы берілген интервьюлердегі ақпарат мәнісін толығымен талдап көрсетуге тырыстық. Мәселенің қойылуы және шешімдер ұсыну уақыт бойындағы процестердің өзгерісіне кешенді талдау жүргізілетін тарихи динамика әдісімен жүзеге асты.

Зерттеуде сапалық методологияға басымдық беріле отырып, сандық методология да қолданылды. Сапалық методология интервью материалдарына, ал сандық методология архивтік құжаттарға қатысты пайдаланылды. Зерттеуде одақтық, республикалық, облыстық деңгейдегі сандық көрсеткіштер және т.б. мәліметтер сараланды.

Мақаланы жазу барысында Ресей Мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарих архивінің 630 қоры («Советская культура» газетінің редакциясы), Ресей Федерациясы Мемлекеттік архивінің 9527 қоры (КСРО Халықтық бақылау комитеті), Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік архивінің 1890 қоры (Қазақ КСР Мәдениет министрлігі) материалдары қолданылды.

Сонымен қатар мақалада негізінен 2021–2022 жылдарда Орталық Қазақстанның барлық аудандары бойынша ауызша интервью әдісімен жиналған материалдар пайдаланылды. Ауызша интервью материалдарын жинау әдістемесінде Т.К. Щеглова еңбектері негізге алынып, тереңдетілген интервью әдісі қолданылды [16]. Сондай-ақ дереккөз ретінде жиналған интервью материалдарын ғылыми мақсатта пайдалану, респондент ойын жинақы әрі түсінікті түрде жеткізу қажеттілігі негізгі ойды сақтай отырып, кейбір респондент сөздеріне стилистикалық өзгерістер енгізуді талап етілді.

Талқылау және нәтижелер

Орталық Қазақстан ұғымы 1932 жылдан бері бір ғана Қарағанды облысын білдіреді, бүгінгі күнде 9 ауданды құрайды, тек 1973–1997 жылдар аралығында Жезқазған облысы Қарағанды облысынан бөлініп шығып, жеке Қарағанды облысы 9 ауданды, Жезқазған облысы 7 ауданды құрады.

Орталық Қазақстан аймағындағы мәдениет пен өнер саласының дамуында кеңестік кезеңде айтулы өзгерістер жүзеге асты. Саланың дамуы 1964–1985 жж. аралығында біртіндеп алға басты. Сандық көрсеткіштер өскенімен, сапалық тұрғыдан кемшіліктер байқалды. Ең бастысы ұлттық өнерді дамытуға ресми рұқсат берілгенімен, бұл бағыт мемлекеттің қатаң цензуралық қадағалауының аясында қала берді. Мақалада: мәдени қызмет және кино көрсету деңгейі, мәдени ошақтар мен автоклубтар жағдайы, айтыс, халықтың өзіндік шығармашылығының ұжымдары және т.б. мәселелер бойынша жетістіктер мен кемшіліктерге тоқталамыз.

Саланың жағдайына мәдениет және өнер іс-шараларының көпшілігі өтетін және дайындалатын мәдени ошақтардың саны мен сапасы тікелей әсер етті (1 кесте).

**КСРО Ауыл шаруашылығы министрлігі совхоздарының
клубтарының және олардағы орынның саны [17; 22]**

№	Республика	01.01.1965 ж. жалпы совхоздар саны	Қолданысқа берілді	
			1964 ж.	
			Ғимарат саны	Орын саны
1	РСФСР	5125	101/39	20312/7818
2	Өзбек КСР	287	-	-
3	Қазақ КСР	1423	33/6	6652/1308
4	Қырғыз КСР	78	-	-
Жалпы		10078	145/57	29014/11446

Ауылдағы тұрғындарға мәдени қызмет, оның ішінде кино көрсетілуінің төмен деңгейіне себептердің бірі, одақтық республика, облыс, өлкелердегі клуб мекемелерінің материалдық базасының нашарлығы, көптеген елді-мекендерде тұрақты мәдени ошақтардың жоқтығы болып табылды.

КСРО ОСБ (ЦСУ) мәліметі бойынша одақтық республикаларда клуб мекемелері жоқ 500-ден астам адам тұратын 9154 село болса, олардың ішіндегі 2300 елдімекенде 1000-нан астам адам тұрған. Клуб мекемелері жоқ, 500-ден астам адам тұратын елдімекендер саны: КСРО-да — 9154, РСФСР-де — 2697, Өзбек КСР-де — 1200, Қазақ КСР-де — 1573, Қырғыз КСР-де — 131. Егер РСФСР-да КСРО Мәдениет министрлігі жүйесіндегі ауылдық жердегі бір клуб мекемесіне 1200 адамнан келсе, Украин КСР-де — 1380 адам, ал Қазақстан мен Өзбекстанда — 4 мыңнан астам, Қырғызстан мен Тәжікстанда — 7 мыңнан астам адам келген.

Қазақстанның клуб мекемелері аса ауыр жағдай болған. 216 аудандық мәдениет үйлерінің ішінде 41-нің өз ғимараты жоқ, 45-і апаттық жағдайда, 2103 совхоз клубының 462-і апаттық жағдайда тұрды. Ғимаратының жарамсыздығына байланысты 260 колхоз клубы жабылуы тиіс болды [17; 24].

Республикалардың клуб мекемелері желісінің дамуындағы теңсіздік 1965 ж. басындағы 10 мың адамға есептелген сандық мәліметтермен айқын дәлелденеді (2, 3, 4, кестелер).

1964 ж. есеп бойынша 10 мың адамға арналған клуб мекемелерінің көлемі [17; 32]

	Барлық ведомстволар	КСРО Мәдениет министрлігі
Жалпы Одақ бойынша	5,4	3,4
РСФСР	5,8	3,6
Өзбек КСР	2,9	1,7
Қазақ КСР	4,3	1,7
Қырғыз КСР	3,1	0,9

01.01.1965 ж. КСРО Мәдениет министрлігінің аудандық мәдениет үйлері [17; 33]

	Аудандық мәдениет үйлерінің саны	Аудандық мәдениет үйлеріндегі саны	
		Көрермен залы	Стационарлы киноқондырғы- лар
Министрлік бойынша барлық, оның ішінде Одақтық бағыныштылықта	3737	3644	2581
РСФСР	2482	2432	1875
Өзбек КСР	125	115	67
Қазақ КСР	184	173	105
Қырғыз КСР	22	20	18

**01.01.1965 ж. КСРО Мәдениет министрлігінің
ауылдық клубтары мен мәдениет үйлері [17; 34]**

	Саны	Клубтар саны	
		Көрермен залы	Стационарлық киноқондырғылар
Министрлік бойынша барлық, оның ішінде Одақтық бағыныштылықта	66283	65729	48380
РСФСР	39754	39483	30592
Өзбек КСР	439	308	113
Қазақ КСР	1057	1022	525
Қырғыз КСР	131	120	61

Кино мемлекет үшін идеологиялық құрал, халық үшін бос уақыт өткізудің басты құрамдас бөлігі ретінде кеңестік кездегі ауылда маңызды орынға ие болды. Кино көрсетуде де өзіндік кемшіліктер кездесті. Киномеханиктер тұрақсыздығының бір жылғы көлемі үлкен көрсеткіштерді құраған: РСФСР — 27 %, Қазақ КСР — 30 %, Эстон КСР — 33 %, Литва КСР — 44 %, Қырғыз КСР — 45 %, Тәжік КСР — 53 % және т.б. 1967 ж. Қазақстанда ауыл халқының 24 % тұратын аймақта тұрақты кино көрсету қызметі жолға қойылмаған, бұл көрсеткіш Арменияда 25 %, Белоруссияда 40 %, Әзірбайжанда 60 % құраған. Орта Азия және Прибалтика аймағында да бұл мәселе бойынша жағдай нашар еді.

Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде ауыл халқына кино көрсету біртіндеп жақсарта түсті. 1966 жылдың соңғы 6 айын 1965 жылмен салыстырғанда кино көрген халық санының өсімі 130 мыңды құраған. Шығыс Қазақстан, Гурьев, Шымкент облыстарының ауылдық кино желісі көрермендер және табыс көлемі бойынша жартыжылдық жоспарын орындаған. Алайда кино көрсету және оның табысы бойынша жоспар республика бойынша толық орындалмады (көрермен бойынша 94 %, табыс бойынша 91 %). Әсіресе ауылдық аймақтар бойынша келесі облыстарда жоспар орындау көрсеткіші аса төмен болып шықты: Жамбыл, Қызылорда, Орал, Көкшетау, Қостанай, Павлодар, Целиноград және Солтүстік Қазақстан. Осы және басқа да облыстардың кино көрсету желісінде әлі де кемшіліктер көп болды. Кинофикация бойынша көптеген облыстық басқармалар ауылдық кино көрсету желісі жұмысын басқаруды жақсарту, оның экономикалық тұстарын сараптауға қол жеткізбеді. Репертуарлық жоспарлар құру, ауылдық кино қондырғыларын фильмдермен қамтамасыз ету, кино көрсету мәдениеті бойынша кемшіліктер орын алып, ұзақ уақыт тұрып қалу жиі кездесті. 1966 жылдың 1 кварталында ауылдық кино қондырғылар, 2981 экран күні бос тұрып қалды, бұл 1965 жылдың осы уақытымен салыстырғанда 16 % жоғары көрсеткіш. Тек тұрып қалуға байланысты 270 мың көрерменге қызмет көрсетілмей қалған.

Ауылдық жердегі халыққа кино көрсету қызметіндегі кемшіліктер ең алдымен ортақ басшылықтың жоқтығымен, ведомстволық бытыраңқылықпен, ауылдық жердегі, әсіресе кәсіподақ желісінің киноқондырғыларын дұрыс қолданбаумен түсіндіріледі. Республиканың ауылдық киноқондырғыларының 3083-і (48 %) кәсіподақ ұйымдарының, 2405-і (38 %) кинематография бойынша Мемлекеттік комитеттің және 840-ы басқа да ведомстволардың қарамағында еді.

Қазақ КСР Министрлер кеңесінің кинематография бойынша Мемлекеттік комитеті өзінің қарамағына кәсіподақ желісінің ауылдық жердегі киноқондырғыларын өткізу туралы мәселені көтерумен болды. Кәсіподақ желісі киноқондырғылары қызметінің сараптамасы бойынша, олар көп жағдайда шығынды болып келді, ал есептерде шығындар көрсетілмеді, себебі клубтар мен киноқондырғылардың қамтамасыз етілуі совхоздың негізгі қызметінің есебінен жүргізілді. Киноқондырғылардың жұмыс күні және сеансы бойынша жұмыс тәртібі мемлекеттік желінікіне ұқсас, ал қызмет көрсететін көрермендер саны және табыс сомасы аз болып келді. Көрермендерге қызмет көрсету жоспарын олар жүйелі түрде орындамады. Көптеген кәсіподақ ұйымдары кино көрсетудің бекітілген тәртібін бұзып, жиналыстардан кейін тегін кинокөрсетілімдер жиі ұйымдастырылды, олардың қызметін бақылау нашар жүргізілді. Кәсіподақтар өзінің материалдық-қамтамасыз ету базасына ие болмады, кинофильмдермен, қосалқы бөлшектермен, билеттермен қамтамасыз ету, киноқондырғыны жөндеумен және орнатумен т.б. байланысты мәселелерді кинофикация және кинопрокат мекемелері шешті. Нәтижесінде ведомствоаралық келіспеушіліктер жиі орын алып, бұл кино көрсету желісі және халыққа кино көрсету қызметінің, әсіресе ауылдық жердегі жұмысына кедергі келтірді [17; 94–95].

Жергілікті жердегі саланың жағдайы туралы респондент: «Ауылдың өзінде кино қою мүмкіндігі болмады. Аудандық кинофикация 1950-ші жж. ортасынан істеді. Айына 1 немесе 2 айда бір ауданнан ауылға әкеліп клубта немесе басқа жерде кино қоятын. Ол бір той секілді. Көбісінде шағын клуб колхоз кезінде салына бастаған. Біздің ауылда 1955 ж. клуб салынды. Ішін бас бостандығынан айырылған адам суретпен және ағашпен әсемдеген. Клуб болмаса мектеп ішіндегі дәлізге халық тізіліп отырып, кино көретін. Ол болмаса жазда далада немесе қыста ауылдағы үлкен үйге қояды. Музыканы радиодан тыңдадық. Радионың өзі кеш келді, 1950-ші жж. ортасында алғаш көрдім, 1970-ші жж. барлық үйде болды. Екі бірінің қолы жетпейтін ұзын сымы бар антенна орнатады. Радио көбіне әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы жақсы адамдар үйінде сөйледі» [18].

КСРО Министрлер кеңесі жанындағы Кинематография бойынша комитет төрағасының 04.03.1967 ж. № 73 «Комитеттің республикадағы ғылыми-көпшілік және хроника-деректік фильмдер прокаты бойынша бұйрығын орындау туралы» шаралардың анықтамасына назар салсақ.

Республикада 1966 ж. мемлекеттік киножелісінің киноқондырғыларында ғылыми-көпшілік және хроника-деректік фильмдер көрсеткен 80 мың киносеанс өткізіліп, 6892 мың көрермен тамашалаған. Көптеген киноқондырғыларда ұзартылған киносеанстар тұрақты көрсетіліп, кейбір кинотеатрларда үлкен бағдарламалық киносеанстар өткізіледі. Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Шымкент, Семей облыстарында және Алматы қаласында кино көрермендерінің арасында идеологиялық жұмысты жүргізетін киноуниверситет пен кинолекториялар, жалпы республика бойынша олардың 80-і жұмыс жасайды. Сонымен қатар, бірқатар облыстарда хроника-деректік және ғылыми-көпшілік фильмдерді көрсету жағдайы қанағаттанарлық болмады.

КСРО Министрлер кеңесінің Кинематография бойынша комитеті төрағасының 1967 ж. 4 наурыздағы № 73 «Ғылыми-көпшілік және хроника-деректік фильмдер прокаты бойынша комитет бұйрығын орындау туралы» бұйрығымен бұл фильмдермен жасалатын жұмыстардың төмен деңгейі анықталған. Қазақстан КП ОК бригадасының Мемлекеттік комитеті және КСРО Халықтық бақылау комитетінің бұл категориядағы фильмдердің республиканың кино желісінде көрсетілуін тексеруі барысында ұйымдастыру жұмыстарындағы көптеген кемшіліктерді анықтаған. Облыстық, Алматы қалалық кинофикация басқармасының көптеген басшылары халыққа ғылыми-көпшілік және хроника-деректік фильмдер көрсетудің маңыздылығы мен мәнісін бағаламауды жалғастырып, кинотеатрлар мен ауылдық жердегі киноқондырғыларда ұзартылған киносеанстар, үлкен бағдарлама сеанстары тұрақты өткізілмей, арнайы киносеанстармен фильмдер мүлде көрсетілмеген.

Ғылыми-көпшілік және хроника-деректік фильмдер көрсететін сеанстарды өткізуді ұйымдастыру бойынша жоспар-тапсырма толық орындалмаған. Ақтөбе облысында 1967 ж. 2 айында кино желісіне ғылыми-көпшілік және хроника-деректік фильмдердің 1963 киносеансын өткізу үшін 273 фильм бағдарламасы жіберіліп, бірақ олардың тек 403 киносеансы немесе 20 % ғана орындалған. Олардың ішінде ауыл шаруашылық фильмдері бойынша жоспар тек 10 % орындалған. Жыл сайын орташа есеппен Ақтөбе, Қарағанды облыстарының ауылдық аймағындағы әр киноқондырғы ғылыми-көпшілік және хроника-деректік фильмдердің тек 4–5 сеансын көрсеткен. Қалалық киноқондырғыларда ғылыми-көпшілік және хроника-деректік фильмдер көрсету бойынша киносеанстар Гурьев, Алматы, Көкшетау, Шымкент облыстарында жеткілікті түрде қолданылмаған [19; 117–118].

Ауылдардағы кино көрсету жайлы респондент: «Совхоздың партия ұйымының пропагандисі болдым. Дүйсенбі күні 1 сағат партиялық сабақ өткізіп, марксизм, ленинизм идеяларын жұмыскер коммунистерді жинап түсіндірдім. Соңында 1 сағат кино қойып беремін. Сол киноны көру үшін шақырғанның барлығы келетін. Мектепте физика кабинетінің сабақ практикасы туралы қысқа метражды фильмдерді көрсететін кино аппаратын алып шығатын едік. Киноаппаратқа профсоюздың кинопенкасын алдырып, көретінбіз. Негізінен соғыс туралы фильмдер болды. Сосын «Бриллиантовая рука», «Москва слезам не верит» және т.б. 1 пленка 45 минут айналады. Келгендер тегін кино көріп, мәз болып үйіне қайтатын» [20].

Кино көрнекі идеологиялық құрал ретінде кеңестік қоғамда өзінің функциясын атқарды. Бірақ кино көрсетуде көптеген кемшіліктер, әсіресе қазақ тілді туындыларға байланысты өнімдер мәселесі толық шешімін таппаған еді. 1979 ж. «Советская культура» газетінің редакциясына жазылған хатта айтылған Орталық Қазақстандағы кино көрсету мәселелері республика бойынша ортақ жағдайды көрсетеді. Қарағанды көмір бассейнінің кеншілері арасында таратылған сауалнамаларды электронды есептеуіш құрал көмегімен (ЭВМ) сараптай отырып, шахтерлерді жаппай мәдени жұмыстардың қандай формалары көбірек қызықтыратындығы, бос уақыттарын қалай өткізгісі келетіндері анықталған. Сауалнама арқылы ақпарат жинау облыс халқының рухани келбетін анықтау мақсатында Қарағанды

облыстық партия комитеті іске асырған әлеуметтік зерттеудің маңызды бөлігіне айналды. Алғашқы сауалнама көрсеткендей, дұрыс өмірлік позицияны қалыптастыратын идеологиялық әсер ету құралдарының арасында ең белсендісі кино болып табылды. Кеншілер білдірген ұсыныстар облыстық партия комитетінің еңбеккерлерге коммунистік тәрбие беру бойынша кешенді іс-шараларының негізіне алынды.

Қалалық ортадан бөлек ауылдық көрерменге кино көрсету мәселесі ерекше назар аударуды талап етеді. Халық саны 200 немесе одан да төмен ұсақ елдімекендерде кинофильмдерді көрсетуге қажетті ғимараттың болмауы жағдайға теріс әсер етті. Қоғамдық пікір бұл жерде ресми, тіпті бейресми ақпарат каналдары арқылы қалыптасты (облыстың үш ауданында сол кезде телебағдарлама қабылдау мүмкіндігі болмады). Осыдан адамдарға эмоциялық әсер ету құралдарының қолданылмаған орындарында тәрбиелеу ісінің кері тартқан тұстары байқалады. Облыстық орталықтан алыс мал шаруашылығымен айналысатын аудандарда негізінен қазақ тілді халық тұрды, сондықтан жағдайды қозғалмалы киноаппараттар да өзгерте алмаған, себебі қазақ тілінде фильмдер көп шықпаған және кинофильмді тәржімалау ісі жолға қойылмады. Фильмдерді шығару ісіне қаржы көп көлемде кетіп, ал оларды халыққа көрсетуден аса көп пайда келмейтіні осыдан еді.

Облыстағы киноқондырғылардың үштен біріне жуығы кәсіподақтың немесе қандай да бір мекеменің қарамағында болды. Егер клубтағы кинокөрсетілімдер басқа іс-шараларға кедергі келтірмесе бұл жағдайдан ешқандай зиян келмеуші еді. Іс жүзінде олай болмады. Қалалық кәсіподақ клубтарында кино көрсетуге 18 күн, ал ауылдық жерде шектеусіз көлемдегі күн саны кетті. Жағдайға әсер ететін мәселе халыққа кино көрсетуден түсетін қаржы көлемінің жоспарында еді [21; 112–113].

Кеңестік кезеңдегі мәдениет және басқа да маңызды салаларда басты кедергі тіл мәселесі болса, ол кино көрсетуде де көрініс бергенін байқаймыз. Негізінен қазақ тілінде жүргізілген өнер саласы ретінде айтысты айтуға болар еді. Айтыс кеңестік қазақ өнерінің бір саласы ретінде дамыды, бірақ өзінің мәнін, мақсатын толығымен өзгертті. Егер ерте замандарда айтыс шындықты жырлайтын өнер түрі болса, кеңестік кезеңде мемлекетті мадақтайтын құралға айналды. Айтыс қана емес, баспасөз құралдары да цензуралық қыспаққа түскен еді. Қазақ кеңес айтысының өкілі бұл туралы: «1964 жылдан бастап ақындықпен айналыстық. Барлық совхоздардың атынан айтысқа қатыстым. Ақтоғай ауданында Қасымхан Қалелов, Зия Елубеков, Құрмаш Тынысбаев, қызыларайлық әкелі-балалы Аққан Смағұлов, Совет Аққанов секілді ақындар болды. Барлығымен 3–4 реттен айтыстым. 1979 ж. облыстық айтысқа аудан атынан қатысып, Жезді ауданымен айтыстым.

Ол кезде әдеби, тіл көркемдік, өлең ұйқастары, дауыс мәнері қаралды. Айтысқа талап қойылады. Айтыста айтатын сөздеріңізді міндетті түрде аудандық партия комитеті хатшыларының немесе инструкторлардың бірі тексеріп, ұжымдық түрде қаралып, бекітіледі.

Айтыс алты бөлімнен тұрады:

1. Кіріспе;
2. Ауданды немесе совхозды таныстыру;
3. Шаруашылық;
4. Мәдениет;
5. Техника;
6. Қорытынды.

Айтыс алдында аудандық партия комитеті айтыскерді тыңдайды. «Артық сөз, біреудің жекелеген ар-намысына тию бар ма?», — деп қаралады. Өзім көп жамандамадым. Кейіннен ақындар қылжақтағанда... Ол кезде «Арқа еңбеккері» кейін «Тоқырауын тынысы» атты газет болды. Сырттай тілші болып, газетке мақала беретінмін. Ай сайын аудандық редакцияда жиналыс болады. Тілшілер маған «бұл Амантай сын жазбайды», — деп шүйлігетін. Редактор «Амантайға тиіспендер, ол әуелден ешкімді жамандамайды, мақтау көбейе берсін, жамандықты қайтесіндер», — деп айтатын» [22].

Саланың материалдық дамуы кезең бойында біртіндеп жүзеге асты. 1984 ж. қарай Қарағанды облысының жалпы қала мен ауылындағы клубтар мен мәдениет үйлері 300-ден, халықтың өзіндік шығармашылық ұжымдарының саны 5 мыңнан асты. Бұл ерікті бірлестіктер қызығушылықтарының ортақтығына қарай қоғамның рухани жағдайына үлкен әсер етті. Өзіндік шығармашылыққа уақытын арнайтын адамдар саны және клубтар мен мәдениет үйлерінің саны жыл сайын артты. Фестивальдар мен байқаулардан өзіндік шығармашылықтың идеялық-көркемдік деңгейі де артып келе жатқандығын байқауға болатын еді [23; 161].

Ауылдық жердегі мәдениет үйі немесе клуб халықтың мәдениет пен өнер саласына белсене араласатын орны еді. Халықтың өзіндік шығармашылығы тұрғындардың қызығушылығының арқасында

дамып отырды. Халық қызығушылығын қолдау әрдайым жоғары болмағанымен, идеологияның бір бөлшегі ретінде назардан тыс қалған емес. Сұхбат алған респондентіміз былай деп еске алды: «1963 ж. бастап ауылымызда кітапханасы бар клуб болды. Клубпен бір ғимаратта медпункт орналасты. Клубта кітап талдау — диспут белсенді түрде өткізілетін. Арнайы хабар беріліп, тақырыптық шығарманы оқып келген жастар белсене қатысатын. Танымал адамдардан Ж. Қартабаева, Ж. Елебеков, Д. Жолжақсынов, М. Хамзин біздің клубта қонақта болды. Аудан әртістері жыл сайын жазда бір рет міндетті келіп өнер көрсететін. Атығай Шанин театры Қарқаралының бетке ұстар мына әртістерімен келетін: Нұрғали Найманбаев, Баймұқаш Қалабаев, Шала Бітебаев. Бастапқыда киномеханик болып, аудан орталығынан кинолента алып келіп, аппаратына салып қабырғаға түсіріп, көрсеттік. Негізінен ҰОС туралы және тарихи фильмдер көп берілді. Киномен бірге сол кездегі өмірді көрсететін журналды жанына қосып беріп, киноның алдында соны көрсететінбіз. Агитбригада деп қыстақтарға барамыз, әсіресе төлдің кезінде жиі аралап, 2–3 қыстақты біріктіріп кино қоямыз. Автоклуб жүретін. Көркемөнерпаздар ұжымы ретінде концерт және пьеса қойып, «Жалғыз ағаш орман болмас», «Бөлтірік бөрі астында», «Беу қыздар-ай» атты пьесалармен аудандық байқаулардан орын алып жүрдік. Агитбригада еңбек еткендердің еңбегін дәріптейтінбіз. Механизаторлар мен шопандар социалистік жарысқа түсті. Солардың еңбегі мен көрсеткіштерін күнделікті листовкаға жазып көрсетіп, қорытындысы бойынша жолдамаға ұсындық. Мысалы, бізде бір механизатор Мәскеуге барды. Цехтық комсомол ұйымының хатшысы ретінде ұсыну мүмкіндігіне ие едім. Спорттық жабдықтар жетіспеді. Волейбол торын қолға түскенмен тоқып, жалғыз доппен жарылғанша ойнап, жарылса қайта жамап алдық. Ұмтылыс күшті, жұмыстан кейін волейбол, футбол, баскетбол, қыста мұз үстінде хоккей ойнадық. Клубтың жабдықталуы оңай болмады. 1 магнитофон берді, соны күтіп ұстадық. Дискотекада пластинкамен музыка қойып билеп, сынып қалса ауылдағы адамдарға жөндетіп алатынбыз. Теледидар 1980 ж. келе бастады. Ауылда 50–70 үйде 1 теледидар, Мәскеу олимпиадасын содан көрдік, оның өзі көмескі, бұлдырап көрсетті. Клубқа бастапқыда 1 гитара мен 3 домбыра ғана берді. Барабан және т.б. аспаптардың бәрін қолдан жасап, елден сұрастырып жинап алдым. Кешке гитарамен «Куэ бол», «Алматы түндері» және т.б. әндерді орындадық, машинамен жүрсек бортында гитарамен ән айттық. Үйіне жеке аспап алу сирек кездесті. Домбыраның өзі аз еді. Жастар гитараға қатты әуестенді. Міндетті түрде тауып алатын. Ішегі және т.б. жабдықтарын біреу арқылы Қарағандыдан алдыратынбыз» [24].

Ауылдағы мәдениет пен өнер ошақтарының жағдайы уақыт өте келе түзелді. Алайда 1970 жж. ортасында да аудандық мәдениет ошақтарының жағдайы жоғары деңгейде емес еді. «Ұлытау мәдениет үйі бейімделген ғимаратта орналасты. Көрермен залы 150 орындық және үйірмеге арналған 2 бөлмесі болды. Мәдениет үйінің жаңа типтік ғимараты ауыл шаруашылық басқармасы желісі бойынша 1975 ж. салынып басталды. Ағадыр және Жезді АМУ жалға алынған бейімделген ғимаратта орналасты, өз ғимараты болмады. Ауыл клубтары біртіндеп жаңа ғимараттар алды. Мысалы, Ағадыр ауданының Босаға, Жаңаарқа ауданының К. Магибаев атындағы совхоздары. Осыған қарамастан көптеген ауыл клубтары бұрынғыдай мәдени жабдықтар және музыкалық құралдармен нашар қамтамасыз етілген еді. Домбыра оркестрі үшін аспаптар жинағы қажет. Сондай-ақ музыкалық құралдар болмағандықтан XXIII партсъезд совхозының талантты жастардан құралған «Қарлығаш» ансамблі өз жұмысын жандандыра алмады. Барлық клубтар теледидар, фотоаппарат, пианино, халық аспаптарының жинағымен толық қамтамасыз етілмеді.

Жезқазған облысындағы 51 автоклубтың 20-сы күрделі жөндеуден өтуі тиіс немесе толық есептен шығарылуы керек еді. 1973–1975 жж. тек 14 автоклуб алынды, ауыл автоклубтары бейімделген ғимараттарда орналасты, музыкалық аспаптар жеткіліксіз болды» [25; 16].

Кеңестік кездегі жаңа ғұрыптарды енгізу тәжірибесі, олардың барлығының атеистік бағытта екендігін көрсетеді. Балалар мен жасөспірімдердің, кәсіби, қоғамдық-саяси ғұрыптардың жаңа түрлері шығарылды. Бұл ғұрыптар атеистік функцияны тікелей жүзеге асырып, кеңестік өмір салтын, жаңа социалистік тұрмысты нығайтып, еңбек ұжымдарын біріктіре отырып, діни ұстанымдарды ығыстыруға жұмыс жасады. Атеистік бағыт айқын көрінген ғұрыптар қатарында отбасылық мерекелер, салтанатты неке қию, азаматтық жерлеу жүрді. Барлық азаматтық ғұрыптардан жерлеу ғұрпына аса қатты мән берілді. Партия жерлеуді адамдарды дінге тартудың белсенді құралы ретінде көріп, кеңес жерлеу ғұрпы түбірімен діни түрден басқаша болуы керек деді. Аудандарда селолық кеңестің атқару комитеті және оның активі діни жоралғысыз жерлеу ғұрпына үлкен мән беріп, арнайы комиссия құрылып, жерлеу тәртібі мен регламенті бекітілді [25; 34].

Мәдениет үйі мен автоклубтар саланың басты қозғаушы орындары мен құралдары болып есептелді. Жалпы мәдениет саласында қызмет етіп, автоклуб ісімен тікелей айналысқан респондент былай

дейді: «Егіндібұлақ мәдениет үйі 1970 ж. ашылды. 1979 ж. 40 адаммен Тәттімбет халық оркестрі атағын алдық. Шөпшілерге, шопандарға, егін басына барып кино қоятынбыз. Киномеханик әрі баянист болдым, автоклуб та жүргіздім. Басшылар бізді «концерт қойылмай жатыр, шағым түсіп жатыр», – деп жіберетін. Гармошкадан бастап, баянды өз бетіммен үйрендім. Ауылда ән-күй мұғалімі ғана аспап үйрете алатын. 1970-ші жылдары аудандық мәдениет үйінде граммпластинка пайда болды. Басында автоклубтың өзінде магнитофон болған жоқ. Мәдениет үйінде пластинка қойып би кеші өткізілетін. Жергілікті радио көшеде сөйлеп, ауылдың жаңалығын айтты. Жоғары деңгейдегі әртістерден Б. Төлегенова, Р. Бағланова, Ж. Елебеков, К. Кенжетасов келді. Өзіндік шығармашылық ұжымдары халықтың өнерге деген өз ынтасымен құрылды. Теледидар, ұялы телефон секілді техникалық жаңалықтар болмағандықтан халық өнерге құштарлық танытып, хорды өзіміз дайындадық. Оркестрдің өзінде 2–3 адамның ғана музыкалық білімі болады. Басқалары музыкалық аспаптарды өз бетімен үйренгендер. Көбінесе білім беру мекемелерінен өнер ұжымдарына көбірек қатысты. Мекемелерде, емханада жұмыс істейтіндер де қалыспады. Театрға қатысатын арнайы білімі болмаса да, бірақ талантты адамдар белсенділік көрсетті. Маусымдық жұмыстардан төл алу, қой қырқу, қырмандағы жұмыстарға тартылдық. Бастапқыда музыканттар еңбекшілерге концерт қояды деп мәдениет саласы өкілдерін ауыр жұмыстарға жібермейтін. Кейін біз де баратын болдық. Егін басына, тіпті жалғыз шопанға концерт қойдық. Бортовой машинамен селкілдеп жүре бердік. Аудандық партия комитеті «шопандарда кино, концерт жоқ, барындар», – деп қысқы боранға қарамай жұмсайтын. Қысқы борандарда талай далада қалдық. 20 км қашықтықты 4 сағат жүріп келген күндер болды. Біз агитбригадамен Курчатовтың территориясына дейін концертпен бардық. Шөп шықпаған жылдары әскери аумақтан шөп дайындаған совхоз жұмыскерлеріне өнер көрсеттік. Балаларымызбен бірге баратынбыз жазғы уақытта. Күй талғамастан автоклуб ішінде, шөпшілер палаткасында ұйықтап, төсек-орын мен тамақ жағдайына қарамадық, жиіркеніш болмады. Полевой асханадан тамақ ішеміз, кейде тамақтарға шыбын үймелесе де, ешкім қарап та жатпайтын» [26].

1980 жылдары мәдениет ошақтарында заманға сай мәдени іс-шаралар өткізу басталды. Сол кездегі Жезқазған облысы бойынша 1980 ж. 8 әуесқой бірлестік пен клубтар және 1 дискотека ұйымдастырылған. Дискотека Жаңаарқа АМУ жанында ұйымдастырылды, бірақ, бұл өте аз еді. Дискотеканың кең таралмауы клубтық мекемелердің материалдық базасының әлсіздігі, техникалық құралдармен қамтамасыз етілмеуінен: дыбыс күшейткіш, жарық аппаратуралары, радиолар, магнитофон, пластинка мен сапалы магнитофон жазбалары жоқтығынан болды. Білікті мамандардың жетіспеушілігі де байқалды. Жеке клуб пен нақты тақырыптық іс-шара ауылдық күнделікті өмір тынысымен тығыз байланысты жүргізілді. Мысалы: Приозерный ауданының XXII партия съезі атындағы совхозы, Ұлытау ауданының Амангелді совхозы, Жаңаарқа ауданының Кенжебай-Самай бөлімшесі клубтары үнемі мына тақырыптар бойынша кештер өткізетін: «Совхозымыз: кеше, бүгін, ертең», «Мал өсірсен — қой өсір» және т.б. Бұл кештерге шаруашылық озаттары, еңбек ардагерлері мен жастар шақырылатын [27; 3].

«Ұлытау» ұлттық ансамблінің аты елімізге жақсы мәлім еді. Ансамбльдің би ұжымы Мәскеудегі жазғы Олимпиада ойындарының ашылуына арналған Кремльдегі Съездер сарайындағы концертке қатысты. Бишілер туралы республика баспасөзі жағымды пікірлер білдірді. «Ұлытау» ансамблінің негізгі репертуары қазақ биі мен әндері, КСРО халықтарының биі мен әндерінен құралып, ансамбль мүшелері өзбек, литва, неміс, ағылшын тілдерінде де ән салды. Халық шығармашылығын насихаттауға Ақтоғай АМУ жанындағы «Тоқырауын толқыны» ән-би халық ансамблі де өз үлесін қосты. Ұжымның репертуары үнемі жаңа туындылармен толығып, халық шығармашылығының туындылары 70 % құрады. Олар тек белгілі халық әндерін орындап қоймай, белгісіз әндерді өндеп орындады. Бұл істе ансамбль директоры Қ. Қожамбаев және шығармашылық жетекші Д. Садуақасовтың үлесі зор [27; 11].

Өнер ұжымдары жұмыс жасаған клуб мекемелерінің материалдық базасы жақсару үшін 1976–1980 жылдары 50 теледидар, 30 пианино, 127 баян мен аккордеон, 6 мың орындық пен басқа да жабдықтар алынған. 1980 ж. Ұлытау селосындағы Ұлытау АМУ пайдалануға берілді. Шаруашылық әдіспен 3 клуб тұрғызылғанымен, аудандық 4 мәдениет үйінен басқа көптеген клубтық мекемелер бейімделген ғимараттарда орналасты. 1980 ж. 152 клубтық мекеме мына жағдайда болды: арнайы тұрғызылған ғимаратта — 4, бейімделген ғимаратта — 69, күрделі жөндеуді қажет ететін — 26 клуб, олардың ішінде 8 автоклуб, апатты жағдайдағы клуб — 8, апатты автоклуб — 6. Мемлекеттік желідегі клубтық мекемелердің барлығы келесі көрермендер залына ие болды: 55–100 және одан аз орын, 37–100–300 орын, 6–300 және одан көп орын. Барлық клубтар ішінде: 71-сахна, 6-эстрада, 6-би залы, 1-

спортзал, 5-би алаңы, 50-үйірме бөлмелері болды. Приозерный ауданының XXII партия съезі атындағы, Жезді ауданының XXIII партия съезі атындағы, Шет ауданының Орджоникидзе, Ақтоғай ауданының Қоңырат совхоздарының және Ұлытау АМУ материалдық базасы жақсара түсті. Оларға 1980 ж. театр орындықтары орнатылып, дыбыс күшейткіш «Солист» аппаратурасы, музыкалық аспаптар: баян, аккордеон, гитара, домбыра, техникалық құралдар: магнитофон, фильмоскоп, эпидиаскоп, проектор берілген [27; 28].

Материалдық жағдай ғана емес, ұйымдастырушылық жұмыстар да сала жағдайын анықтаушы басты фактордың бірі еді. Клубтық мекемелерді басқаруды жетілдіру бойынша-орталықтандырылған клубтық жүйе және клубтық кешен жасау бойынша жұмыстар жүргізілді.

1980 ж. Жезқазған облысы халқына барлық ведомстволардың 250 клубтық мекемесі, олардың ішінде 152 Мәдениет министрлігі, 87 кәсіподақ, 11 басқа да ведомстволардың мекемелері қызмет көрсетті. Ауылдық жердегі мемлекеттік клубтардың басым көпшілігі бөлімшелерде орналасты (88 бөлімшеде, 5 орталық усадьбеде), кәсіподақтық клубтар негізінен совхоздардың орталық усадьбесінде шоғырланды. Бір шаруашылықтың немесе селолық кеңестің шеңберінде клубтық мекемелердің үлкен ведомстволық шашыраңқылығы байқалып, сондықтан ұйымдастырушылық, штаттық, қаржылық негіздерді бұзбай, олардың жұмысын біріктіру қажеттілігі туындады. Облыстың мәдени қызметкерлері клуб жұмысын орталықтандырудың қиын жолын таңдап, шаруашылықтың шегінде клуб, мұражай, кітапхана, музыкалық және жалпы білім беретін мектептер мен қоғамдық бірлестіктер әрекетін біріктіретін мәдени кешендер қалыптастырды [27; 34].

Ауылдық аймақтан шыққан түрлі мәдениет ұжымдары, ансамбльдер ұйымдастыру деңгейінің ең көрнекті көрсеткіші болды. Орталық Қазақстанның ең белгілі ауылдық өнер ұжымы «Тоқырауын толқындары» ансамблінің құрылуы мен қалыптасуына толықтай қатысқан Т.Ө. Мұқанов өз естеліктерімен былай деп бөлісті: «Ол кездегі адамдар театр өнеріне, көрініс қоюға, тамашалауға да құштарлық танытатын. Ауданда Түсіпбаев деген азамат 1961 ж. «Қарагөз» спектаклін Қарағандыға апарып қойып, лауреат атанған екен. Содан бері драма үйірмесі қарқынды жұмыс жасаған. 1971 ж. Ақтоғай театры Халықтық атағын алды. Ол кезде халықтық театр тек Қарқаралыда болған. 1971 ж. аудандық жаңа мәдениет үйі пайдалануға берілді. Зейтін Ақышевтің «Жаяу Мұса» спектаклімен мәдениет үйін аштық. 1972 ж. ансамбль құру керек болды. Алматыдан Б. Тәжібаев пен Е. Хасанғалиевті сол кездегі аудандық партком хатшысы Ж. Шайдаров шақырды. Олар 1 ай Ақтоғайда болып, ансамбльге арнап ән жазды, әншілерге дауыс қойды. 1973 ж. Алматыда алғаш концерт қойдық. 1971 жылдың 10 қыркүйегінде Халық театры атағын алдық, 1975 ж. 10 сәуірде «Тоқырауын толқындары» ансамбліне Халықтық атағы берілді. Бізге сол сәтте 9 майда Мәскеуде Қазақстан атынан өнер көрсетесіңдер, – деп тапсырма берілді. 20 күн ішінде дайындалып, бардық. 5 концерт беріп, 3-ші орын алдық.

Ансамбль ұйымдастырушыларының ұсынысымен 1982 ж. райком хатшысы Тоқметов Б. Сарыбаевты шақыртты. «Ақтоғай алтын бесігім» әнін шығарған Дәртай Садуақасов деген адам осы ансамбльді ұйымдастырған. Ол ҰОС ардагері, әнші, композитор, баянист. Дәртай аға Қуат Қожамбаев екеуімізге «көне аспаптар жасалыпты, сол көне аспаптармен фольклорлық ансамбль құрайық», — деді.

Қуат екеуіміз Алматыға бардық. Б. Сарыбаев үйінде баяу бүгежектеп жүр екен. Инфаркт алыпты, жай сөйлейді. Бір бөлмеде 4 қабырғаға ілінген түркі халықтары музыкалық аспаптарымен бізді таныстырды. Біз шыдамсызданып жайымызды айттық. Сонда ол кісі бізді күнделікті экскурсияға келгендер деп ойлағанын айтты. Ақыры көндірдік. Кейбір өнерді түсінбейтіндер күлді: «Тұңғышбай мен Қуат тағы өлмелі шалды әкелді», — деп. Ол кісі 15 күн орнына 25 күн жүрді. Ансамбль мүшелері аспаптарды игере ме деп, бізде зәре жоқ. Ол кісі 3-ші күннен кейін «балаларың жақсы екен», – деді. Ансамбль мүшелері аспаптарды үйреніп кетті. Біраз жүрген соң қобызшылармен таныстыруды сұрады. Мухсин Амангелді дегеннің үйіне апардық. Сол үйдегі қобызға жармасып, Алматыға алып кетті. Ол кісі ансамбльге 4 аспапты тегін, 5 аспапты ақысына өзі берді.

Жарты жылдан соң Дәртай аға тағы бір әңгіме бастады. «Этнографиялық би керек, Шара Жиенқұлованы шақырайық», – деп. Тағы да Алматыға барып, көндіріп әкелдік. 20 күн Ақтоғайда болып, таза ұлттық билерді үйретті. Біздің басқа өнер ұжымдарынан озғанымыз осы Б. Сарыбаев пен Ш. Жиенқұлованың арқасы. Ансамбль атын 1982 ж. фольклорлық-этнографиялық деп өзгерттік. 1984 ж. Венгрияға осы атаумен бардық» [18].

1980 жылдары Жезді ауданында 3 хореографиялық ұжым болды. «Жезді жұлдыздары» халық ансамблінің хореографиялық тобы ауданнан сырт көлемде де белгілі еді. Ұжым құрамында 1980 жылдардың басынан бастап мектеп оқушылары өнер көрсетті. Ұжым жетекшісі Жезқазған мәдени-

ағарту училищесінің түлегі Т.В. Огородникова. Ансамблдің репертуарына сол кездегі әртүрлі жаңа қойылымдар енді: «Русский хоровод», «Грузинский танец», «Қызыл сұңқарлар» және т.б. Қазақ биі «Кеңес», «Жанарым», «Айжан қыз», орыс биі «Валенки», венгер және чех билерін қалпына келтірді.

Бірақ, хореографиялық ұжымдардың жұмысында әлі де көптеген кемшіліктер бар еді. Бастысы хореография бойынша мамандардың жеткіліксіздігі. Көптеген мәдениет үйлері мен клубтарда би ұжымдарын қатысушылары өздері жүргізді. Негізінен олар мектеп пен СПТУ оқушылары [28; 124].

Атқарылған жұмыстармен қатар малшыларға мәдени қызмет көрсетуде бірқатар кемшіліктер орын алған. Көпшілік аудандарда жылжымалы автоклубтың қосалқы бөлшектері мен жөндеу базасының жоқтығынан қиындықтар туындаған. Әсіресе Приозерный пен Ағадыр ауданында жағдай күрделірек еді. Гараждың болмауы автоклуб машиналарының мақсатқа сәйкес емес пайдаланылуына алып келіп, бағыт-кестесі сақталмады (5 кесте).

5 кесте

Жезқазған облысы автоклубтары бойынша мәлімет [28; 126]

№	Аудан атауы	Барлығы	Соның ішінде			Гараждың болуы
			Күрделі жөн-деу	Ағымдағы жөн-деу	Есептен шығару	
1	Ағадыр	10	2	2	1	-
2	Ақтоғай	11	2	3	1	1 (3 машина)
3	Жезді	10	2	3	1	1 (5 машина)
4	Жаңаарқа	9	1	1	1	1 (9 машина)
5	Приозерный	7	1	1	1	-
6	Ұлытау	10	1	2	1	-
7	Шет	9	1	1	1	-
8	Жезқазған	1	-	-	-	-
9	Облыстық	1	-	-	-	-
Жалпы		68	10	10	7	3 (17 машина)

Шығармашылық жұмыстарға арналған қазақ тіліндегі талапқа сай, көрнекі материал көлемінің аздығы да өз кедергісін келтірді. Ауылдық мәдени ошақтарда әдетте қазақ тілінде жазылған әдістемелер мен сценарийлерге сұраныс жоғары болып, өзгеріссіз және жемісті қолданылды. Орыс тілінде жазылғандары өзгертіліп жатты немесе мүлде қолданылмады. Мысалы, «Хотят ли русские войны?» атты поэзиялық қойылымының сценариін С. Сейфуллин совхозының клубында пайдалануда өлеңдер еш өзгеріссіз орыс тілінде оқылды, ал проза жолдары қазақ тілдеріне аударылған және аса әсерлі болып естілмеген. Сондықтан қойылым көрермендер үшін қызықсыз және түсініксіз болып шыққан. Бүкілодақтық ғылыми-әдістемелік орталықтың репертуарлы-әдістемелік әзірлемелері кең сұранысқа ие болғанымен, оларды қолдануда қиындықтар бар еді. Әдістемелік құралдарды қазақ тіліне аудару шығарманың көркемдігін және әсерлілігін азайтты [28; 198].

1980 жж. материалдық-техникалық базаны нығайтуға арналып іске асырылған қосымша шараларға қарамастан, ол әлі де жақсартуды қажет етті. Клубтар, мәдениет үйі мен автоклубтар қажетті жиһаз, театр орындығы және басқа техникалық құралдармен жеткілікті қамтамасыз етілмей отырды. Көптеген ауыл клубтарында жастардың кештері пластинка қосылған радиоламен өтті. Дыбыс жазушы және дыбыс шығаратын аппараттар мен музыкалық инструменттер жеткіліксіз. Ең бастысы кадр тапшылығы байқалды. Кадр тұрақсыздығы себептерінің бірі, шаруашылық басшыларының мәдени-әлеуметтік қызметті өндірістен алыс сала ретінде екінші қатарға қоятын ескі әдеті еді. Олар мәдени қызметкерлердің қажеттіліктеріне қызығушылық танытпай, үй-тұрмыстық жағдай және табысты шығармашылық үшін жағдай жасамады. Бұл жас мамандардың ауылға бармауына немесе тұрақтамауына себепкер болып келді.

Аудандық мәдениет бөлімдері келесі мәселелер бойынша қиындықтарға ұшырады:

- автоклубтарды жөндеу мен қосалқы бөлшекпен қамтамасыз ету, автоклубқа гараж салу, жанар-жағар май жеткіліксіздігі;

- Жезді, Ағадыр аудандарында мәдениет үйі үшін типтік ғимараттар болмады, бұл мәдени жұмыстың сапалы жүргізілуіне, үйірмелер мен әуесқой ұжымдар шығармашылығына кері әсер етті [28; 219–220].

Аталмыш кезең басында салаға қыз балалардың қатысуы ұлттық салт-сана тарапынан ішінара қарсылықтарға ұшырады. Бұл маман жетіспеушілігіне қосымша себептердің бірі еді. Маман жетіспеуінен оқушылар және салаға тікелей қатысы жоқ адамдардың мәдени жұмыстарға жиі қатысуы туралы респондент: «1969 жылы Алматыдан келіп 12 адамды музыкалық білім беруге іріктеп алды. Іріктелгендерге айтты: «үйлеріңе хат келеді, хатта көрсетілген уақыт пен мекенжайға келіндер, поездан тосып алады», – деді. Әкем мектеп бітіргенде «ауылға мұғалім жетпейді, мұғалімдік оқы», – деп, қарсы болды. Ескі көзқараспен қыздар әртіс болмауы керек еді, жылап-жылап қойдым. Музыкаға құмартып көбіне радиодан тыңдадық. Айтқан әнді қағып алатынбыз. Радиодан айтқан әнді үзік-үзік жазып алып жүрдік. Пластинканы 1978 ж. бастап пайдаландық. Мектепте балаларға күй қоятынбыз. Қарағандыда автовокзалдан сатып алатынбыз пластинканы. Той және басқа жиындарда пластинка қойып билей беретінбіз. Мұғалім болып, сабақта жүрсек те бізді сұрап алатын. Концерттерге қатысатынбыз. Бірінші хатшы дайындығымызды өзі тексеретін. Дайындыққа бармасаң жанды қоймайтын. Мектеп басшылығы да сабағыңды өткіз деп талап қоятын. Бізді дайындыққа мектептегі жұмыстан үзіп жіберетін. Біз қағазға, ресми жағына қарамай дайындыққа кете беретінбіз, орнымызға мұғалім таппасақ, бармай қалып жүрдік...» [29].

Мектеп оқушылары мен мұғалімдерін өнер саласында жиі пайдалану туралы респондент: «Бұл 1985 ж. болған еді. Сол уақыттары райком музыкалық мектеп пен орта мектеп мұғалімдерін мереке сайын концерт дайындығына жұмылдыратын. Бұл сабақтардың тоқтауына, білім сапасына кері әсер етті. Мен музыкалық мектепте дайындалып жатқан мұғалімдерді жұмыс орындарына таратып жібердім. Райком шақырып алып, «Неге мерекелік концерт дайындығына кедергі келтіресіз», — деп ескертті. Мен: «Бірінші кезекте білім керек», – деп қарсылық білдірдім. Райком идеология хатшысына осы мәселемен бюрода қарсы шығып, ол маған тіл тигізген соң обкомға хат жаздым. Тексеріс келіп идеология хатшысы жұмыстан шықты» [30].

Қорытынды

Мәдениет пен өнер саласы біртіндеп өрлегенімен, ең алдымен мемлекеттің қадағалауында және қатаң цензура аясында дамығанын байқаймыз. Мемлекет өнерді идеологиялық құрал ретінде пайдаланып, қалың бұқара санасына қажетті, арнайы өлшемдерді қондыруға тырысты. Ұлттық өнер де осы кезеңде белгілі бір дәрежеге ие болды. Бірақ Одақтың ұлт саясаты, ұлттық өнердің шынайы бетбейнесін ашып, мән-мағынасын халыққа түсінікті етуден сақтанып, өнер мен мәдениет саласында арнайы шаблондарды пайдаланды. Бұл шаблондар арнайы орындармен қатаң бекітіліп қолданылды. Материалдық қамтамасыз етілуі төмен болғанымен, ауылдық жердің өнері мен мәдениеті таза таланттар мен шынайы өнерді бағалаушылардың арқасында жоғары шығармашылық белестерге қадам басты. Кеңестік кезеңдегі өнер мен мәдениет тәуелсіздік жылдарына белгілі бір негіз қалап кетті.

Екі түрлі дереккөз негізінде жүргізілген зерттеу жұмысын келесі тұжырымдармен қорытындылаймыз:

1. Мәдениет пен өнер саласы басты және күшті идеологиялық құралдың бірі ретінде пайдаланылғанын келесіден байқаймыз:

- а) ішінара кемшіліктерге қарамастан, саланы қамтамасыз ету біртіндеп жүргізілді;
- б) салаға қоғамның барлық мүшесі, әртүрлі ерекшеліктері мен ой-пікірлеріне қарамастан жаппай қатыстырылды.

2. Кеңестік кезеңде өнердегі мән-мазмұн бұрмаланып, мемлекет талабына сай социалистік реализмге басымдық берілді.

3. Ұлттық өнердің дамуы қатаң қадағалаумен жүргізілді, шынайы мән-мағына мәселесіне шектеу қойылып, халықтың өзіндік ерекшелігін сезінуге толық мүмкіндік берілмеді.

4. Саланың басты қозғаушы күші арнайы мамандар емес, өз бетімен ізденушілер болды.

Әдебиеттер тізімі

1 Бродель Ф. Материальная цивилизация, экономика и капитализм, XV–XVIII вв. — Т. 1.: Структуры повседневности: возможное и невозможное / Б. Фернан; пер. с фр. Л.Е. Куббеля. — М.: Прогресс, 1986. — 622 с.

2 Ле Руа Ладюри Э. Монтайю, окситанская деревня (1294–1324) / Э. Ле Руа Ладюри; пер. с фр. В.А. Бабинцева и Я.Ю. Старцева. — Екатеринбург: Изд-во Урал. ун-та, 2001. — 541 с.

3 История частной жизни: моногр.: [В 5-и т.]. — Т. 5: От I мировой войны до конца XX в. / под общ. ред. Филиппа Арьеса и Жоржа Дюби. — М.: Новое лит. обозрение, 2017. — 676 с.

- 4 Багдасарян С.Д. Быт, труд и семья крестьян эпохи нэпа: историческая повседневность южно-российской деревни в 1920-е годы / С.Д. Багдасарян. — Новочеркасск: Лик, 2015. — 312 с.
- 5 Безгин В.Б. Крестьянская повседневность (традиции конца XIX–начала XX века) / В.Б. Безгин. — Тамбов: Изд-во Тамбов. гос. тех. ун-та. 2004. — 304 с.
- 6 Бердинских В.А. Русская деревня: быт и нравы / В.А. Бердинских. — М.: Ломоносов, 2013. — 266 с.
- 7 Котов Г.Г. Экономические и социальные проблемы села на современном этапе / Г.Г. Котов. — М.: Колос, 1979. — 255 с.
- 8 Рогачев А.А. Социальное развитие села / А.А. Рогачев. — Алма-Ата: Кайнар, 1987. — 158 с.
- 9 Кудайбергенов А.Н. За высокую культуру села / А.Н. Кудайбергенов. — Алма-Ата: Казахстан, 1976. — 120 с.
- 10 Аманбаев К.А. В сфере труда, учебы и быта / К.А. Аманбаев. — Алма-Ата: Казахстан, 1982. — 49 с.
- 11 Алдабергенов У.А. Стирание граней между городом и деревней / У.А. Алдабергенов. — Алма-Ата: Казахстан, 1977. — 151 с.
- 12 Жумашев Р.М. Очерки истории культуры Казахстана (1917–1991 гг.) / Р.М. Жумашев. — Караганда: Изд-во КарГУ, 2002. — 148 с.
- 13 Капаева А. Культура и политика (государственная политика в области культуры в Казахстане во второй половине 1940-х–1991 гг.) / А. Капаева. — Алматы: Атамұра, 2004. — 327 с.
- 14 История городской повседневности Центрального Казахстана в 1946–1991 годы (с сюжетами демографической и социальной истории): моногр. / под общ. ред. З.Г. Сактагановой. — Караганда: Гласир, 2017. — 456 с.
- 15 Тлеужанова М.К. Культурная жизнь Центрального Казахстана (70–80 годы XX в.): автореф. дис. ... канд. ист. наук / М.К. Тлеужанова. — Алматы, 1997. — 23 с.
- 16 Щеглова Т.К. Деревня и крестьянство Алтайского края в XX веке. Устная история / Т.К. Щеглова. — Барнаул: БГПУ, 2008. — 526 с.
- 17 ГА РФ. — Ф. 9527. — Оп. 1. — Д. 963.
- 18 Муканов Т.О. 01.10.1946 жылы туған, жазба уақыты: 26.12.21 ж., Қарағанды қ., 1964–1985 жылдары Ақтоғай ауданында тұрған.
- 19 ГА РФ. — Ф. 9527. — Оп. 1. — Д. 1348.
- 20 Садуақасов Т. 01.09.1949 жылы туған, жазба уақыты: 08.04.2021 ж., Қарағанды қ., 1964–1985 жылдары Қарқаралы ауданында тұрған.
- 21 РГАСПИ. — Ф.630. — Оп.1. — Д.54.
- 22 Тойшыкенов А. 20.01.1941 жылы туған, жазба уақыты: 9–10.04.2021 ж., Қарағанды қ., 1964–1985 жылдары Ақтоғай ауданында тұрған.
- 23 РГАСПИ. — Ф. 630. — Оп. 1. — Д. 60.
- 24 Шыңғысов А. 08.03.1954 жылы туған, жазба уақыты: 15.07.2021 ж., Талды с., 1964–1985 жылдары Қарқаралы ауданында тұрған.
- 25 ЦГА РК. — Ф. 1890. — Оп. 3. — Д. 830.
- 26 Кабыкенов Ш. 23.11.1949 жылы туған, жазба уақыты: 26.06.2021 ж., Егіндібұлақ с., 1964–1985 Егіндібұлақ ауданында жылдары тұрған.
- 27 ЦГА РК. — Ф. 1890. — Оп. 3. — Д. 1471.
- 28 ЦГА РК. — Ф. 1890. — Оп. 3. — Д. 1767.
- 29 Амирбаева М.М. 04.03.1952 жылы туған, жазба уақыты: 26.06.2021 ж., Егіндібұлақ с., 1964–1985 жылдары Егіндібұлақ ауданында тұрған.
- 30 Арконов Т.Ж. 17.11.1936 жылы туған, жазба уақыты: 07.04.21 ж., Қарағанды қ., 1964–1985 жылдары Егіндібұлақ ауданында тұрған.

М.Ы. Ыбырайхан, З.Г. Сактаганова

К вопросу о развитии и роли культуры в сельской повседневности Центрального Казахстана в 1964–1985 гг.

Культура и искусство являются важными сферами, определяющими динамику и тенденции в повседневной жизни населения. В статье рассмотрены вопросы развития культуры и ее роль в повседневной жизни сельчан Центрального Казахстана в 1964–1985 гг. Исследование построено на основе архивных документов (материалов российских архивов — РГАСПИ и ГА РФ и казахстанских — ЦГА РК) и данных интервьюирования, проведенных авторами с жителями Карқаралинского, Егіндібұлақского и других районов Карагандинского региона. Изучение специфики развития культуры и проведения культурных акций/проектов в казахских сельских районах позволяет сделать вывод о том, что участие в них носило массовый характер. Проводимые мероприятия не ставили задачу и не использовались для возрождения национального духа, а играли институциональную роль как идеологический инструмент государства в деле пропаганды коммунистических идей. В результате исследования были выявлены достижения и недостатки развития в сельской культурной повседневности, определены положение и место национальной культуры и искусства в сельской повседневности региона. В

заклучение статьи резюмировано, что в изучаемый период в сельской местности развитие советской культуры шло достаточно активно, однако существовали определенные трудности и препятствия для развития казахской национальной культуры и искусства в целом.

Ключевые слова: повседневная жизнь, Центральный Казахстан, культура, искусство, клуб, Дом культуры, кино, айтыс, ансамбль, автоклуб, песня, танец.

M.Y. Ybyraikhan, Z.G. Saktaganova

On the development and role of culture in rural everyday life of Central Kazakhstan in 1964–1985

Culture and art are important spheres that determine the dynamics and trends in the daily life of the population. The article examines the issues of cultural development and its role in the daily life of the villagers of Central Kazakhstan in 1964–1985. The study is based on archival documents (materials from Russian archives — RGASPI and GARFA, Kazakh archives — Central State Administration of the Republic of Kazakhstan) and interview materials conducted by the authors with Kazakh villagers of Karkaraly, Egyndybulak, and other districts of the region. The study of the specifics of the development of culture and the holding of cultural events/projects in Kazakh rural areas allows us to conclude that participation in them was massive. The events held did not set a task and were not used to revive the national spirit, but played an institutional role as an ideological tool of the state in promoting communist ideas. As a result of the study, achievements and shortcomings of development in rural cultural everyday life were identified, the position and place of national culture and art in rural everyday life of the region were determined. In conclusion, in the studied decades in rural areas, the development of Soviet culture was active, but there were certain difficulties and obstacles to the development of Kazakh national culture and art.

Keywords: everyday life, Central Kazakhstan, culture, art, club, House of Culture, cinema, aitys, ensemble, auto club, song, dance.

References

- 1 Brodel, F. (1986). *Materialnaia tsivilizatsiia, ekonomika i kapitalizm, XV–XVIII vv.* T.1. *Struktury povsednevnosti: vozmozhnoe i nevozmozhnoe* [Material civilization, economy and Capitalism, XV–XVIII centuries. Vol. 1.: Structures of everyday life: possible and impossible]. (L.E. Kubbel, Trans). (Vols. 1–3). Moscow: Progress [in Russian].
- 2 Le Rua Ladiuri, E. (2001). *Montaiiu, oksitanskaia derevnia (1294–1324)* [Montayu, Occitan village (1294–1324)]. (V.A. Babintsev, Ya.Yu. Startsev, Trans). Ekaterinburg: Izdatelstvo Uralskogo universiteta [in Russian].
- 3 Ares, F., & Diubi, Zh. (Eds.). (2017). *Istoriia chastnoi zhizni: monografiia: [V 5-i tomakh]. T. 5: Ot I mirovoi voiny do kontsa XX v.* [The history of private life: monograph: Vol. 5: From the First World War to the end of the XX century.]. (Vols. 1–5; Vol. 5). Moscow: Novoe literaturnoe obozrenie [in Russian].
- 4 Bagdasarian, S.D. (2015). *Byt, trud i semia krestian epokhi nepa: istoricheskaiia povsednevnost yuzhno-rossiiskoi derevni v 1920-e gody* [Life, work and family of peasants of the NEP era: the Historical everyday life of the South Russian village in the 1920s]. Novocheerkassk: Lik [in Russian].
- 5 Bezgin, V.B. (2004). *Krestianskaia povsednevnost (traditsii kontsa XIX–nachala XX veka)* [Peasant everyday life (traditions of the late XIX–early XX century)]. Tambov: Izdatelstvo Tambovskogo gosudarstvennogo tekhnicheskogo universiteta [in Russian].
- 6 Berdinskikh, V.A. (2013). *Russkaia derevnia: byt i nrawy* [Russian village: life and customs]. Moscow: Lomonosov [in Russian].
- 7 Kotov, G.G. (1979). *Ekonomicheskie i sotsialnye problemy sela na sovremennom etape* [Economic and social problems of the village at the present stage]. Moscow: Kolos [in Russian].
- 8 Rogachev, A.A. (1987). *Sotsialnoe razvitie sela* [Social development of the village]. Alma-Ata: Kainar [in Russian].
- 9 Kudaibergenov, A.N. (1976). *Za vysokuiu kulturu sela* [For the high culture of the village]. Alma-Ata: Kazakhstan [in Russian].
- 10 Amanbaev, K.A. (1982). *V sfere truda, ucheby i byta* [In the sphere of work, study and life]. Alma-Ata: Kazakhstan [in Russian].
- 11 Aldabergenov, U.A. (1977). *Stiranje granei mezhdou gorodom i derevnei* [Blurring the lines between the city and the countryside]. Alma-Ata: Kazakhstan [in Russian].
- 12 Zhumashev, R.M. (2002). *Ocherki istorii kultury Kazakhstana (1917–1991 gg.)* [Essays on the history of culture of Kazakhstan (1917–1991)]. Karaganda: Izdatelstvo Karagandinskogo gosudarstvennogo universiteta [in Russian].
- 13 Капаева, А. (2004). *Kultura i politika (gosudarstvennaia politika v oblasti kultury v Kazakhstane vo vtoroi polovine 1940-kh–1991 gg.)* [Culture and politics (state policy in the field of culture in Kazakhstan in the second half of the 1940s–1991)]. Almaty: Atamura [in Russian].
- 14 Saktaganova, Z.G. (Eds.). *Istoriia gorodskoi povsednevnosti Tsentralnogo Kazakhstana v 1946–1991 gody (s siuzhetami demograficheskoi i sotsialnoi istorii)* [The history of urban everyday life in Central Kazakhstan in 1946–1991 (with plots of demographic and social history)]. Karaganda: Glasir [in Russian].

- 15 Tleuzhanova, M.K. (1997). Kulturnaia zhizn Tsentralnogo Kazakhstana (70–80 gody XX v.) [Cultural life of Central Kazakhstan (70–80 years of XX century)]. *Extended abstract of candidate's thesis*. Almaty [in Russian].
- 16 Shcheglova, T.K. (2008). Derevnia i krestianstvo Altaiskogo kraia v XX veke. Ustnaia istoriia [The village and the peasantry of the Altai Territory in the XX century. Oral history]. Barnaul: Bashkirskii gosudarstvennyi pedagogicheskii universitet [in Russian].
- 17 GA RF [State Archive of the Russian Federation]. — F. 9527. — Op. 1. — D. 963 [in Russian].
- 18 Mukanov, T.O. 01.10.1946 zhyly tugan, zhazba uaqyty: 26.12.21 zh., Qaragandy q., 1964–1985 zhyldary Aqtogai audanynda turgan [Born on 01.10.1946, recording time: 26.12.21, Karaganda, lived in Aktogay district in 1964–1985]. [in Kazakh].
- 19 GA RF [State Archive of the Russian Federation]. — F. 9527. — Op. 1. — D. 1348 [in Russian].
- 20 Saduakasov, T. 01.09.1949 zhyly tugan, zhazba uaqyty: 08.04.2021 zh., Qaragandy q., 1964–1985 zhyldary Qarqaraly audanynda turgan [Born on 01.09.1949, date of entry: 08.04.2021, Karaganda, lived in Karkaraly district in 1964–1985]. [in Kazakh].
- 21 RGASPI [Russian State Archive of Socio-Political History]. — F. 630. — Op. 1. — D. 54 [in Russian].
- 22 Toishykenov, A. 20.01.1941 zhyly tugan, zhazba uaqyty: 9–10.04.2021 zh., Qaragandy q., 1964–1985 zhyldary Aqtogai audanynda turgan [Born on 20.01.1941, recording time: 9–10.04.2021, Karaganda, lived in Aktogay district in 1964–1985] [in Kazakh].
- 23 RGASPI [Russian State Archive of Socio-Political History]. — F.630. — Op.1. — D.60 [in Russian].
- 24 Shyngysov, A. 08.03.1954 zhyly tugan, zhazba uaqyty: 15.07.2021 zh., Taldy s. 1964–1985 zhyldary Qarqaraly audanynda turgan [Born on 08.03.1954, date of entry: 15.07.2021, Taldy village, lived in Karkaraly district in 1964–1985]. [in Kazakh].
- 25 CGA RK [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. — F. 1890. — Op. 3. — D. 830 [in Russian].
- 26 Kabykenov, Sh. 23.11.1949 zhyly tugan, zhazba uaqyty: 26.06.2021 zh., Egindibulaq s., 1964–1985 zhyldary Egindibulaq audanynda turgan [Born on 23.11.1949, date of entry: 26.06.2021, yegindybulak village, lived in Yegindybulak district in 1964–1985]. [in Kazakh].
- 27 TsGA RK [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. — F. 1890. — Op. 3. — D. 1471 [in Russian].
- 28 TsGA RK [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. — F. 1890. — Op. 3. — D. 1767 [in Russian].
- 29 Amirbaeva, M.M. 04.03.1952 zhyly tugan, zhazba uaqyty: 26.06.2021 zh., Egindibulaq s., 1964–1985 zhyldary Egindibulaq audanynda turgan [Born on 04.03.1952, date of entry: 26.06.2021, yegindybulak village, lived in Yegindybulak district in 1964–1985]. [in Kazakh].
- 30 Arkonov, T.Zh. 17.11.1936 zhyly tugan, zhazba uaqyty: 07.04.21 zh., Qaragandy q., 1964–1985 zhyldary Egindibulaq audanynda turgan [Born on 17.11.1936, date of entry: 07.04.21, Karaganda, lived in Yegindybulak district in 1964–1985]. [in Kazakh].